

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ



Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ
(Экономика және құқық факультеті
Экономика және менеджмент кафедрасы)



АҚТӨБЕ, 2025

Элективті пәндер каталогы (Қабылдау жылы: 2025 жыл)

ББ шифры және атауы: 8D04101-Экономика

№	Пән атауы	Оқытудың мақсаты	Қысқаша сипаттама	Пререквизиттер/ Постреквизиттер	Дублин дескрипторлары
1-курс					
1	Академиялық хат	Докторанттардың ғылыми-педагогикалық кадрларға тән қабілеттерін дамытуға бағытталған құзыреттер жиынтығын қалыптастыру, сондай-ақ ғылыми-техникалық құжаттаманы, ғылыми есептерді рәсімдеу, дербес зерттеу жобаларын жүзеге асыру және олардың нәтижелерін экономикалық ғылымның ерекшеліктерін ескере отырып, отандық және шетелдік басылымдарда жазбаша түрде ұсыну қабілетін дамыту.	Пәнді оқу барысында докторанттар ғылыми зерттеулер нәтижелерін ресімдеу, статистикалық және эксперименттік деректерді сипаттау стилистикасын сақтау саласында білім мен іскерлікке ие болады. Ғылыми мақаланың құрылымымен, әдебиеттер тізімін, аннотацияларды рәсімдеу ережелерімен танысады. Курстың мазмұнына мақалаларды, монографияларды, оқу құралдарын рецензиялау кіреді. Research Proposal-дан бастап диссертацияны жазуға көп көңіл бөлінеді.	Пререквезиттер: Ғылым тарихы мен философиясы, Ғылыми зерттеу әдістері Постреквизиттер: ДФЗЖ, Зерттеу практикасы, Докторлық диссертация	А) Ғылыми коммуникация жанрларын, зерттеу нәтижелерін ресімдеуге қойылатын талаптарды, деректерді сипаттаудың стилистикалық ерекшеліктерін және ғылыми жарияланымдар құрылымын қоса алғанда, академиялық жазу принциптерін жүйелі түсінуді көрсетеді; рецензиялар мен диссертациялық материалдарды даярлау әдістері мен тәсілдерін еркін меңгереді Б) Research Proposal дайындаудан бастап диссертацияның қорытынды бөлімдеріне дейінгі халықаралық стандарттарға сәйкес ғылыми мақалалардың, аннотациялардың, рецензиялардың және басқа да академиялық құжаттардың мәтіндерін әзірлеуге және

					ресімдеуге қабілетті С) Ғылыми пікірталасқа қосқан үлесін көрсете отырып және жарияланым қызметінің этикалық нормаларын сақтай отырып, ғылыми мәтіндерді (мақалалар, монографиялар, құралдар) сыни талдауды, рецензиялауды және дәлелді бағалауды жүзеге асырады. Д) Академиялық деңгейде жазбаша түрде күрделі ғылыми идеяларды анық, құрылымды және сенімді түрде жеткізе алады, сондай-ақ мақсатты ғылыми аудиторияны ескере отырып мәтіндерді түсіндіре және өңдей алады Е) Зерттеу нәтижелерін Жарияланымдар, презентациялар және басқа да ғылыми өнімдер түрінде ұсына отырып, ғылыми қоғамдастық өкілдерімен және жалпы қоғаммен кәсіби тақырыптарда сөйлей алады; академиялық жазу дағдыларын үздіксіз жетілдіруге қабілетті болады.
--	--	--	--	--	--

2	Ғылыми зерттеу әдістері	Қазіргі ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалау, қазіргі экономикалық мәселелерді зерттеуде жаңа идеяларды қалыптастыру үшін ғылыми зерттеу әдістерін қолдану қабілетін қалыптастыру.	Оқу курсы ғылыми зерттеудің мазмұны мен әдістері, академиялық жазу және академиялық адалдық туралы жүйелі түсініктерді қалыптастыруға, түрлі салаларда зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағды, технологиялар мен әдістерді игеруге бағытталған. Пән бағдарламасы ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды; теориялық және эксперименттік зерттеулердің әдіснамасын зерделеу; зерттеулерді талдау және тұжырымдар мен ұсыныстар беруді қамтиды. Ғылыми зерттеулердің енгізілуі мен тиімділігіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және оқуды бітіру жұмыстарын рәсімдеу ережелеріне көп көңіл бөлінеді.	Пререквизиттер: Ғылым тарихы мен философиясы, Ғылыми зерттеу әдістері Постреквизиттер: ДФЗЖ, Зерттеу практикасы, Докторлық диссертация, Ұлттық экономиканы жоспарлау және болжамдау, Инновациялық жобаларды жоспарлау мен басқару	А) Ғылыми таным әдіснамасын жүйелі түсінеді және ғылыми зерттеу әдістерін, соның ішінде экономика мен соған байланысты салалардағы заманауи теориялық-әдіснамалық тәсілдерді терең меңгереді. В) Өзінің зерттеу жобаларын жоспарлау және іске асыру кезінде заманауи қолданбалы бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып деректерді ғылыми талдау және интерпретациялау әдістерін қолданады. С) Ғылыми жарияланымдарды, тұжырымдамалар мен теориялық парадигмаларды сыни тұрғыдан талдайды, дербес ғылыми тұжырымдар жасап, ғылыми пікірталас аясында негізделген практикалық ұсыныстар ұсынады. Д) Ғылыми әдебиеттер мен деректерді талдауға негізделген ұстанымды дәлелдей отырып, ғылыми қоғамдастықтағы өзіндік
---	-------------------------	--	---	---	--

					зерттеулердің әдіснамалық таңдауы мен нәтижелерін ұсынады және негіздейді. Е) Ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша білімін дербес тереңдетіп, жүйелендіреді, жоғары академиялық дербестік пен үздіксіз ғылыми даму үдерісіне дайын екенін көрсетеді.
3	Цифрлық экономика	докторанттарда цифрлық экономиканың мәні мен ерекшеліктері; цифрлық экономиканың әлемдік трендтері; бизнес-идеяның пайда болуынан бастап нарыққа шығаруға дейінгі электрондық бизнесті табысты құру практикасы туралы, сондай-ақ Қазақстандағы цифрлық экономиканың даму перспективалары мен үрдістері туралы жүйелі түсініктер кешенін қалыптастырады.	Бұл пән докторанттарда цифрлық экономиканың мәні мен оның ерекшеліктері; цифрлық экономиканың әлемдік трендтері мен Қазақстанда даму перспективаларын зерттеу; процестерді автоматтандыруды, деректердің үлкен көлеміне негізделген шешім қабылдауды және дербестендірілген өнімдерді әзірлеуді қамтамасыз ету арқылы цифрлық экономиканы дамытудағы жасанды интеллекттің рөлі; электрондық бизнесті табысты құру тәжірибесі туралы білім кешенін қалыптастырады.	Пререквизиттер: Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі, Салалардың бәсекеге қабілеттілігі, Халықаралық бизнес (ілгерілмелі). Постреквизиттер: Зерттеу практикасы, Докторлық диссертация	А) Цифрлық экономиканың теориялық негіздерін, оның ішінде мінез-құлықтық, технологиялық, институционалдық-құқықтық аспектілерін жүйелі түрде түсінетінін көрсетеді; цифрлық трансформация жағдайында экономикалық үдерістерді салалық және макроэкономикалық деңгейде модельдеу тәсілдерін меңгереді. В) Цифрлық инфрақұрылымды жобалау, бизнес-процестерді

					трансформациялау, кәсіпорындарды қосылған құн тізбектеріне және жаһандық цифрлық желілерге біріктіру үшін білімін қолдана алады. С) Цифрлық трансформацияны сыни тұрғыдан талдай отырып, оның бизнеске, экологияға және жалпы экономикаға тигізетін оң және теріс әсерлерін анықтайды, сондай-ақ қоғам дамуына цифрлық факторлардың ықпал ету дәрежесіне қатысты негізделген тұжырымдар жасайды. Д) Цифрлық қауіпсіздік контекстін қоса алғанда, цифрлық экономиканы талдау және бағалау әдістерін сенімді түрде қолдана алады, әрі ғылыми және кәсіби ортада өз қорытындылары мен ұсынымдарын дәлелді түрде ұсына алады. Е) Цифрлық экономика мәселелеріне қатысты білімді дербес сыни тұрғыдан ұғынуға және жаңартуға қабілетті, соның ішінде мемлекеттік саясатты
--	--	--	--	--	--

					бағалап, оны технологиялық өзгерістер жағдайына бейімдей алады.
4	Институционалды экономика	докторанттардың экономикалық теорияның баламалы бағыттары туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету; зерттеу бағдарламасы ретінде жаңа институционалды экономиканың мүмкіндігін айқындау және оның экономикалық процестердің мәнін талдау және түсіну үшін, сондай-ақ нарықтық реформалау процестерінің, оның ішінде Қазақстандағы нақты практикасын пайымдау үшін құралдарын пайдалануға мүмкіндік беретін дағдыларды игеру.	Бұл пән докторанттардың экономикалық теорияның баламалы бағыттары туралы түсініктерін кеңейтуге және тереңдетуге; жаңа институционалды экономиканың зерттеу бағдарламасы ретінде мүмкіндіктерін анықтауға және оның құралдарын экономикалық процестердің мәнін талдау және түсіну үшін, сондай-ақ нарықтық реформалау процестерінің нақты тәжірибесін түсіну үшін, соның ішінде Қазақстанда қолдануға мүмкіндік беретін дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.	Пререквизиттер: Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі, Салалардың бәсекеге қабілеттілігі Постреквизиттер: Зерттеу практикасы, Докторлық диссертация	А) Институционалды экономиканың теориялық негіздері мен тұжырымдамаларын, сондай-ақ экономикалық институттардың әрекеті контекстінде ұлттық және жаһандық экономиканың жұмыс істеу заңдылықтарын жүйелі түрде түсінетінін көрсетеді В) Экономикалық құбылыстар мен үдерістерді талдау барысында институционалды тәсілді қолданып, экономикалық агенттердің мінез-құлқы мен формалды және бейформалды институттардың жұмыс істеуі арасындағы өзара байланысты анықтай алады С) Нақты экономикалық жағдайларда институционалды мәселелерді айқындап, оларды интерпретациялай алады, институционалды шектеулер мен

					өзгерістердің себептері мен салдарына қатысты негізделген пікірлер қалыптастырады. D) Институционалдық талдау жүргізу үшін дереккөздер мен мәліметтерді пайдалана алады, талдау нәтижелерін кәсіби ортада жүйелеп ұсына алады, сондай-ақ ғылыми пікірталас аясында қолданылған тәсілдер мен жасалған қорытындылардың дұрыстығын дәлелді түрде негіздей алады E) Институционалдық талдау әдістерін дербес игеру және қолдану, институционалдық парадигма тұрғысынан экономикалық процестерді сыни тұрғыдан қайта қарау қабілетін көрсетеді
5	Ұлттық экономиканы жоспарлау және болжамдау	Докторанттардың елдің әлеуметтік экономикалық дамуын болжау және жоспарлау саласындағы нақты міндеттер мен проблемаларды шешудегі жүйелі түсініктері мен дағдыларын кеңейту	Бұл курс ұлттық экономиканы басқарудың барлық деңгейлерінде (макродеңгейде, аймақтық және салалық) жоспарлы және болжамды есептеулерде жүйелік түсініктерді кеңейтуге және тереңдетуге, практикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Пәнді оқу барысында докторанттар ел экономикасының даму тенденцияларын анықтау	Пререквизиттер: Ғылыми зерттеу әдістері, Институционалды экономика Постреквизиттер: Зерттеу практикасы, Докторлық диссертация	A) Ұлттық экономиканы болжау мен жоспарлаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін, сондай-ақ басқарудың әртүрлі деңгейлерінде болжамды және жоспарлы құжаттарды қалыптастыру және іске асыруды бақылау

		және тереңдету	және деңгейін бағалау, оның әлеуметтік-экономикалық дамуының нақты міндеттерін болжау және жоспарлау әдістерін қолдана отырып шешімдерді әзірлеу дағдыларын меңгереді.		принциптерін жүйелі түсінуді көрсетеді В) Ұлттық экономиканың дамуын талдау және модельдеу, үрдістерді анықтау және макроэкономикалық бағдарламалардың бөлімдерін қалыптастыру үшін экономикалық болжау және жоспарлау құралдарын қолданады. С) Экономикалық және әлеуметтік процестер арасындағы өзара байланыстарды сыни түсіндіруді және негіздеуді жүзеге асырады, ұлттық экономиканың даму бағыттары бойынша өзіндік қорытындылар мен ұсыныстарды қалыптастырады. Д) Статистикалық, сараптамалық және саларалық ақпаратты өңдеуге арналған мамандандырылған бағдарламалық пакеттерді пайдалану дағдыларын меңгереді, сондай-ақ талдау мен болжау нәтижелерін ғылыми және қолданбалы ортада негізделген түрде
--	--	----------------	--	--	---

					ұсынуға қабілетті болады. Е) Талдау мен болжаудың жаңа әдістерін дербес игеруге, әлеуметтік-экономикалық даму сценарийлерін және олардың белгісіздік жағдайында стратегиялық шешімдер қабылдауға әсерін бағалауға қабілетті.
6	Инвестициялық талдау	докторанттарда үнемі өзгеріп отыратын сыртқы орта жағдайында ұсынылатын жаңа енгізілімдердің тиімділігін бағалау үшін қажетті инвестициялық талдау мазмұны бөлігінде тереңдетілген кәсіби білімді; оңтайлы басқару шешімдерін негіздеуде инвестициялық талдау, бюджеттеу және бақылау саласындағы практикалық дағдыларды қалыптастыру.	Курс инвестициялау процестерін зерделеу үшін қажетті іргелі білімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ докторанттарға жобаларды инвестициялау бойынша тиісті шешімдер қабылдау, инвестициялаудың барлық ықтимал тәуекелдерін сәйкестендіру және инвестициялаудың баламалы тәсілдерін таңдау мақсатында қажетті қаржылық инвестициялық ақпаратты пайдаланудың рөлін түсіну үшін қажетті практикалық дағдылар жүйесін қалыптастырады.	Пререквизиттер: Инновациялық жобаларды бизнес-жоспарлау, Бизнесі талдау әдістері мен құралдары Постреквизиттер: Зерттеу практикасы, Докторлық диссертация	А) Инвестициялық талдау тұжырымдамаларын терең түсінуді көрсетеді және белгісіздік пен тәуекел жағдайында ұзақ мерзімді қаржылық шешімдерді теориялық тұрғыдан негіздей алады. В) Инвестициялық жобаларды кәсіпорын, сала және ұлттық экономика деңгейінде әзірлеу мен бағалау барысында инвестициялардың экономикалық тиімділігін талдаудың заманауи әдістерін қолданады С) Кәсіпорынның инвестициялық қызметін сыни бағалауды жүзеге асырады, стратегиялық мақсаттарды ескере

					отырып, оның тиімділігін арттыру бойынша негізделген қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдайды D) Инвестициялық шешімдерді дайындау кезінде инфляцияны, тәуекелді және белгісіздікті есепке алу әдістерін меңгерген және оларды ғылыми және кәсіби ортада дәлелді түрде ұсынуға қабілетті. E) Инвестициялық шешімдер қабылдау әдістері мен инвестициялық талдаудың заманауи құралдарын, соның ішінде сценарийлік модельдеуді және жобалардың сезімталдығын бағалауды өз бетінше меңгеру қабілетіне ие
7	Инновациялық жобаларды жоспарлау мен басқару	докторанттардың әртүрлі типтегі және ауқымдағы инновациялық жобаларды негіздеу, дайындау, жоспарлау және бақылау саласында, сондай-ақ іскерлік жоспарлау, жобалық менеджмент, зияткерлік меншікті	Бұл пән докторанттардың әртүрлі типтегі және масштабтағы инновациялық жобаларды негіздеу, дайындау, жоспарлау және контроллинг саласында, сондай-ақ бизнес жоспарлау, қаржыландыру және қаржылық талдау, зияткерлік меншікті қорғау тәуекелдері мен мәселелерінде білім мен практикалық дағдыларын	Пререквизиттер: Инновациялық жобаларды бизнес-жоспарлау, Бизнес процестерді басқару Постреквизиттер: Зерттеу практикасы, Докторлық диссертация	A) Мемлекеттік инновациялық саясаттың басымдықтарын, инновацияларды іріктеу және қаржыландыру тетіктерін қоса алғанда, инновациялық жобаларды жоспарлау және іске асыру үдерістерін жүйелі түрде түсінетінін көрсетеді

		қорғау тәуекелдері мен проблемаларын талдау мәселелерінде білімі мен дағдыларын кеңейту және тереңдету.	кеңейтуге және тереңдетуге бағытталған.		В) Инновациялық жобаларды басқару, ресурстарды жүйелеу, шығындар мен тәуекелдерді бағалау, сондай-ақ инновациялық қызметтің тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін талдау құралдарын қолданады С) Креативті және стандартты емес ойлау әдістерін қолдана отырып, инновациялық жобаларды негізді түрде әзірлейді, инновациялық тиімділікті арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдерді дербес тұжырымдайды Д) Жобалық құжаттаманы рәсімдей алады, презентациялар мен ғылыми жарияланымдарды дайындайды, инновациялық қызмет нәтижелерін кәсіби және академиялық ортада негізді түрде ұсынуға және қорғауға қабілетті Е) Инновациялық жобалардың тиімділігін бағалау саласындағы құзыреттерін өз бетінше дамытып, жетілдіре алады, қолданыстағы
--	--	--	--	--	--

					әдістерді жаңа технологиялық және нарықтық жағдайларға бейімдей алады
--	--	--	--	--	--